

**Құрастырған
Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ**

**ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ
ҮЙРЕНЕЙІК**



**МҰСЫЛМАННЫҢ 40
ПАРЫЗЫ**

ББК 86.38
ББК -86.38



**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
ОҚО бойынша өкілдігінің тапсырысы бойынша
әзірленді**

ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК

МҰСЫЛМАННЫҢ 40 ПАРЫЗЫ

**Құрастырған;
Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ**

ISBN 9965-911-09-6

Бұл жинақта қасиетті Құран оқып бағыштау туралы Құран аяттары енгізілген. Кітапша барша мұсылман қауымға арналған.

Шымкент - 2017

Бисмиллаһир рахманир рахим

Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің Иесі Аллаға тән. Салауат пен сәлем елшілердің төресіне, оның әулеті мен сахабаларына болсын.

Құрметті оқырман! Пайғамбарамыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «**Мен сендерге қабырлерді зиярет етуге тыйым салған едім, енді зиярат етулеріңе болады. Себебі, қабыр ақыретті еске түсіреді, өлімді ойға оралтады, сөйтіп қайырлыларды молайта түсуі мүмкін. Бірақ, қабыр басында күнә сөз айтудан** *(яғни, өлген мәйтке жалбарынутан, табынутан, одан медет тілейтін дұға, Алла Тағалаға серік қосатын сөздер айтудан аулақ болу мағынасында)* **сақ болыңдар!**» деген.

МАРҚҰМҒА САУАБЫ ТИЕТІН АМАЛДАР

Шариғат бойынша тірі адам марқұм болған ата-анасы, бауыры, ағайын-туысы және өзге де мұсылман бауырына дұға етуіне, рухына Құран бағыштауына, истиғфар тілеуіне, садақа беруіне болады. Ол амалдардың сауабы марқұмға жетеді. Дұға етуге қатысты аятта былай деп бұйырады:

«Олардан кейін келгендер (иман келтіргендер): «Раббымыз! Бізге және бізден бұрын иман айтқан бауырларымызға кешірім айла! Әрі біздің жүректерімізде мүміндерге қарсы зәредей жеккөрушілік жасама! Раббымыз! Расында Сен Мейірбансың һәм Ерекше Мейірімдісің», – дейді» (Хашр сүресі, 10-аят).

Ал хадистерде болса былай деп бұйырады: Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Уа, Алла!**

Тірілеріміздің күнәсін кешір, өлілерімізді рахымыңа бөле!» – деп дұға еткен (Ахмет б. Ханбал риуаяты).

Осман ибн Аффаннан (р.а.) риуаят бойынша Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өлген кісіні жерлеген соң қабірдің қасында тұрып: **«Бауырларың үшін Алладан истиғфар тілендер әрі оны беріктеуін сұрандар. Расында ол қазір сұралып жатыр»**, – деген. (Әбу Дәуіт риуаяты)

Мұсылманның діни танымы саласындағы мәшһүр еңбектердің бірі Тахауи ақидасы кітабында былай делінген: **«Тірілердің дұға-тілектері мен садақалары өлгендерге пайда береді»**.

Тірілер Құдай Тағаладан өлілерге кешірім тілеп дұға ететін болса, марқұмдарға оның пайдасы тиеді. Сонымен қатар үш нәрсенің сауабы жететін болады:

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Адам**

өлгенде оның үш нәрсесінен – тоқтаусыз садақасы (мысалы, құдық, көпір, медресе) немесе пайда келтіретін білімі (таратқан білімі) немесе артынан дұға қылатын игі жақсы баласынан басқа барлық амалы тоқтайды», – деген (Муслим риуаяты).

Берілген садақаның сауабы тиетіні жайында Абдулла ибн Аббас (р.а.) мына хадисті риуаят етеді: **«Елден жырақта жүргенінде Сағид ибн Убаданың анасы қайтыс болды. Сонда ол Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алдына келіп: «Уа, Алланың елшісі! Мен сыртта жүргенде анам қайтыс болыпты. Енді оның атынан садақа берсем оған сауабы тие ме?» – деп сұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Иә», – деді. Сонда Сағид (р.а.): «Олай болса, сізді куә етемін, анамның атынан бағымды Алла жолында садақаға беремін», – деді».** (Бұхари руаяты)

ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТУ

Ақыретті ойлап, қабірстанды зиярат ету шарифатта бұйырылған амал. Хадисте (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қабірлерге зиярат етіндер. Ол ақыретті еске түсіреді»**, – делінген. Барған адамдар Құран оқып, дұға жасағаны жөн. Мәйітке оның пайдасы бар. Қабірстанға кез-келген уақытта да баруға болады. Зияратқа барған адамның мына сөздерді айтуы керек:

“Әссәләму ьаләйкум әһләд-диәри минәл-му’мининә уәл муслиминә, уә иннә ин шә-аллаһу бикум ләхикун [уә ярхамул-лаһул –мустәқдиминә миннә уәл-мустә’хирин әс-әлуллаһә ләнә уә ләкумул-ьафияһ]”. Мағынасы: «Әссәләму алейкум уа, бұл мазарда жатқан мүміндер мен мұсылмандар! Алла қаласа біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз (бізден бұрын өткендерді де, бізден кейін өткендерді де Алла рахым етсін). Алладан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруды сұраймыз».

Қабір зияраты мәселесінде ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қабірін зиярат ету сауап амалға жатады.

Зиярат етуші зияратты шарифат үкімдеріне сай атқаруы тиіс. Марқұмдардан еш нәрсе сұралмайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Үмбетіме бір заман келеді. Сонда олар бес нәрсені қатты жақсы көріп, бес нәрсені мүлде ұмытады:*

1. Дүниені жақсы көріп, ақыретті ұмытады;

2. Өмірді жақсы көріп, өлімді ұмытады;

3. Зәулім сарайларды жақсы көріп, қараңғы қабірлерді ұмытады;

4. Мал-мүлікті жақсы көріп, оған беретін есепті ұмытады;

5. Жаратылысты жақсы көріп, Жаратушыны ұмытады».

ҚАБІР БАСЫНДА ДҰҒА ЖАСАУ

Мәйіт жерленген соң жамағаттың аз уақыт кідіріп, оған дұға жасауы, Алладан кешірім тілеуі, Құран оқуы – сүннет. Осман ибн Аффан (р.а.) былай дейді: «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мәйітті жерлеп болған соң қабір басында тұрып: *«Бауырларың үшін кешірім тілеңдер және оған Алладан беріктік сұраңдар. Расында ол қазір сұралуда деген»* (Әбу Дәуд. 3/209).

Қабір басында Құранның кез келген сүресін оқуға болады. Бірақ «Фатиха», «Ықылас» сүрелерін оқу халқымызда дәстүр болып қалған.

ӘУЛИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ ЗИЯРАТ ЕТУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТӘРТІПТЕРІ

Шариғат жолымен қабірстанды зиярат ету ережелері мен тәртіптеріне қысқаша тоқталып өтуді жөн санаймын.

– Әуелі зиярат етуші адам ниетті дұрыстауы қажет. Яғни, ниет бір Алла Тағаланың разылығы үшін болу;

– Зиярат кезінде дәрет немесе ғұсыл (бойдәрет) алып шығу;

– Үйден шығарда екі рәкағат сапар намазын оқу; (Бұл екі ракат намаз Алла Тағаладан жол азабынан, қауіп-қатерден сақтай гөр деген мағынада оқылады)

– Зиярат етудің негізгі мақсаты – тарихи жерлермен танысу және сол жерде жатқан марқұмдардың ақысына дұға ету;

– Қабірстанға кірген кезде сәлем беру;

– Мазар ішінде орта жүріспен, жәй жүру;

– Қабірды сипадан, сүюден, айналудан (тауаф етуден) сақтану; (Қабірды сүю, қолмен сипау, көзге сүрту, т.б. амалдар жасау өзге діндегілердің ұстанатын мәселесі болып табылады)

– Қабір үстін баспау керек. Өйткені, қабыр үсті - мәйіттің ақысы. Екі қабірдың ортасынан өтерде тәкбир, тасбих, тахлил,

дұға ету ләзім. Қабір ішінде «Аллаһу акбар» немесе «**Аллаһу Акбар, Аллаһу акбар, Лә иләһә Иллаллаһу, Аллаһу акбар, Аллаһу Акбар уа лиллаһи-л-хамд**» деп айту;

– Құран бағыштауда құбыла тарапқа қарап оқыған жөн;

– Дұға – тілекті тек бір Алла Тағаладан тілеу;

– Қабірге қарап дәрет сындырудан, түкіруден, т.б. жағымсыз іс-әрекеттен аулақ болу; (Пайғамбарамыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қабірстандағыларды тірі кездегідей құрмет етуді бұйырған)

– Қабірстанның ішінде ғайбат сөз айтудан, боғауыз сөздерден тыйылу;

– Зиярат орындарында темекі, насыбай, ішімдіктер ішуден сақ болу;

– Кесенелер мен мазарларға оң аяқпен кіріп, сол аяқпен шығу – марқұмға деген құрметтің бір түрі;

– Әулиелі жерлерде түнеу мәселесі дінде көрсетілмеген;

– Мазарға қарап намаз оқудан мүмкіндігінше сақтанған жөн. Бұл жөнінде Пайғамбармыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Қабірлерге қарап намаз оқымаңдар және олардың үстіне отырмаңдар» (Имам Мұслим).

– Мазарға барып, қабір жанында құрбандық шалуға болмайды;

– Қорым немесе кесене ішінде тамақ жемеу;

– Қабір немесе кесенелердің төрт бұрышына шамшырақ жағу – діндегі тыйым салынған амалдардың бірі. Бұл амал бақсыбалгерлердің ойдан жасап алған амалдары.

– Зиярат жасаушы әйел кісілер (қыз баласы) басына орамал байлап, денесіне жабық киім кию;

– Зиярат ету барысында көпшілікке діни уағыз айту – жақсы амалдардың қатарынан саналады. Жалпы, адам баласы бір-бірін жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруы тиіс;

– Мазар басына қымбат тастар, күмбез орнату – ысырап. Ең дұрысы, зират жасауға кететін қаражатты жетімдер үйіне немесе жоқ-жітіктерге берудің сауабы жоғары екенін түсінген жөн;

– Мазарларға мүсіндер орнату, тастарға марқұмның суретін салдыру – дінге қайшы;

– Мола жанындағы өсіп тұрған ағаштарға шүберек, мата байлау шарифатқа қайшы;

– Мазар басында жылап-сықтау – мәкрүһ (мәкрүһ – ұнамсыз деген сөз).

– Мазар басында дауыс көтеруден, әзілдесуден сақтану;

– Құран тіләуат ету, жақсы тілектермен дұға жасау, садақа беру сияқты қайырлы істердің сауабын мәйітке бағыштау;

– Молада жатқан марқұмдардың өмірдегі жақсылықтарын еске алу сауапты амал болып саналады. Дініміз де қайтыс болған адамның өмірдегі тек жақсы амалдарын айтуға бұйырады. Ал, оның өмірдегі күнә істері мен теріс амалдарын айтудан сақтанған жөн.

(1-ші нұсқа)

МАРҚҰМҒА ҚҰРАН БАҒЫШТАУ

Фатиха сүресі

Әузу билләһи минаш-шайтонир ражим.

Бисмилләһир рахманир рахим.

Әл-хамдулилләхи раббил ьаләмин.

Ар-рахманир рахим. Мәлики иаумид-дин.

Ияка наьбуду уа ияка настәъ - иин.

Иһдинас сиротол мустақим. Сиротол-ләзина ән-ьамтә ьалайһим. Ғайрил мағзуби ьалайһим уаладзоол-лиин. Әмин! (1-рет оқылады)

Ықылас сүресі

Бисмилләһир рахманир рахим.

Қул хууал - лаһу аһад. Аллаһус - сомад. Ләм иалид, уалам юләді. Уалам иакул-ләху куфууан аһад. (3-рет)

Сада қаллахул аьлиюл аьзим.

Субхана раббика раббил ыиззати
хамма ясифун. Уасаламун ыалал мурсэлиин.
Уал-хамдулил – лэһи Раббил ыаламиин.
Әмин! Мұнан соң екі қолды көтеріп,
мына төмендегідей дұға айтамыз: «Уа,
Ұлы Алла, осы оқылған Құранның -
«Фатиха», «Ықылас» сүрелерінен болған
сауабын Пайғамбарымыз Мұхаммед
саллаллаһу алайһи уә салламға, Адам
(ғ.с.) атамыз бен Хауа анамызға,
барша Пайғамбарлар мен сахабаларға,
дүниеден өткен барша мұсылмандарға
және ата-бабаларымыздың рухтарына
бағыштадым.

«Раббанә әтинә фиддуня хасанәтән.
Уә фил- ахирати хасанәтән уә қина
азәбан-нәр» Әмин, Аллаһу әкбар деп дұға
етіледі.

(Немесе өз білген дұғамызды қосып
оқуымызға болады).

(2-ші нұсқа)

ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК:

«Фатиха» сүресі

Әузу билләһи минаш-шайтонир ражим.
Бисмилләһир рахманир рахим.

Әл-хамдулилләхи раббил ыләмин.

Ар-рахманир рахим. Мәлики иаумид-
дин.

Ияка наъбуду уа ияка настәъ - иин.

Иһдинас сиротол мустакиим. Сиротол-
ләзина ән-һамтә ылайһим. Ғайрил мағзуби
ылайһим уаладзоол-лиин. Әмин! (1-рет
оқылады)

АЯТҮЛ КҮРСИЙ

Бисмилләһир рахмәнир рахим.

«Аллаһү лә иләһә иллә һүәл һаййюл
қаююм.

Лә тәхузүһү синәтү уәлә нәуум. Ләһү
мә фиссәмә-әуәти уә мә фил ардз. Мән
зәлләзии иәшфау ындаһү иллә би изниһ.

Иалләму мә бәйнә әйдиһим уә мә халфәһүм. Уә лә юһиитуунә бишәй иммин илмиһии иллә бимә шә. Уәсиа күрсиюһүс сәмәуәти уәл ардз. Уә лә иәудүһү һифзуһумә уә һуәл алииюл азийм».

Мағынасы:

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Аллаһ Тағала, одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол тірі толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер оған тән. Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді.

Олардың алдарындағыны да арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа ешнәрсе білмейді. Оның күрсісі (билігі) көктер мен жерді қамтиды. Оған, оларды қорғау ауыр келмейді. Және ол, өте биік, аса зор.

Сада қаллахул аълиюл аъзим.

Субхана раббика раббил ғиззати ғамма ясифун. Уасаламун ғалал мурсәлиин. Уалхамдулил – ләһи Раббил ғаламиин. Әмин!

(3-ші нұсқа)

ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК:

«Фатиха» сүресі

Әузу билләһи минаш-шайтонир ражим.
Бисмилләһир рахманир рахим.

Әл-хамдулилләхи раббил ыләмин.

Ар-рахманир рахим. Мәлики иаумид-
дин.

Ияка наъбуду уа ияка настәъ - иин.

Иһдинас сиротол мустақим. Сиротол-
ләзина ән-һамтә ылайһим. Ғайрил мағзуби
ылайһим уаладзоол-лиин. Әмин! (1-рет
оқылады)

ЯСІН СҮРЕСІ

Бисмилләһир рахманир рахим

«Иа.син. 1. Уал қур-анил хақим. 2.
Иннака ламинал мурсалин. 3. Ыала сиратим
мустақим. 4. Таңзилал ыазирир рахим. 5.
Литуңзира қаумам-ма уңзира а-ба уһум
фаһум ғафи-лун. 6. Лақад хаққал қаулу ыала

аксарһим фахум ла иу-минун. 7. Инна жаьална фии-аьна қиһим агла-лаң фи һийа илал азқани фаһум муқ-махун. 8. Уа жаьална мим-байни ай-дийһим саддау -уа мин халфихим сад-даң фағшайнаһум фаһум ла иубси-рун. 9. Уа сауаа-ун ьалайһим а-аңзар-таһум әм-лам туңзирһум ла иу-минун. 10. Иннама туңзиру манит табаьаз- зикра, Уа хашийар рахмана билғайб, фа баш-ширһу бимағфи-ратиу уа ажрин карим. 11. Инна нахну нухил маута уа нактубу ма қаддаму уа әсәраһум, уа кулла шай-иң ахсайнаһу фи имамам мубин».

Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын!

«Иа, Син – (мағынасын бір Алла біледі) (1). Хикметті Құранмен ант етейін: сен (Мұхаммед) жіберілген Пайғамбарлардансың, тура жолдасың (2, 3, 4). Ата-бабалары ескерту естімеген (елші келмеген), мүлде қаперсіз қалған бір қауымды ескерту үшін, (Құран) саған өте

үстем, қайырымы мол Алла тарапынан түсірілген (5-6). Олардың дені (жаза тартуға) үкім етілуге тиісті болды. Ендеше олар иман айтпайды (7). Шынын айтайық, біз олардың мойнына иектетіп отырып ажырғы (тақтай) байладық. Сол үшін де олардың бастары иілмейді (яғни иманға келмейді, бас иемейді) (8). Олардың алдына да, артына да қалқан қойдық, көздерін көлегейлеп тастадық. Сондықтан да олар (иман жолдарынан) еш нәрсе көрмейді (9). Ескертесің бе, ескертпейсің бе, оларға бәрібір, иман келтірмейді (10). Сен тек Құран (жолына) ерген, мархаматы мол Алланы көрмей-ақ (одан) қорыққан адамды ескерте аласың. Алланың жарылқайтынын, ең жақсы сауап (берілетінін) айтып, қуанышты хабар бер (11). Өлгендерді біздің тірілтетінімізге дау жоқ, (бұл дүниеде) олардың істеген істерінің, ізгіліктерінің бәрін жазып қоямыз. Бүкіл жаратылысты біз айқын дәптерге (лаухулмахфузға) толық жазып қойғанбыз (12).»

Сада қаллахул аълиюл аъзим.

Субхана раббика раббил ʻиззати ʻамма
ясифун. Уасаламун ʻалал мурсәлиин. Уал-
хамдулил – ләһи Раббил ʻаламиин. Әмин!



ИМАН КАЛИМАЛАРЫ

Иманның алғашқы шарты - Алла Тағалаға сену. Алланың Біреу екеніне және бүкіл сипаттары әбден кемеліне келіген. Және Оның бүтін сипаттарында нұқсан жоқ. Ол бәрінен пәк, таза. Ал енді иман калималарын жатқа біліп, әрдайым айтып жүру керек.

1) Кәлимаи-Таухид:

«**Лә иләһа иллаллаһу, Мұхаммадүр расулуллаһ**». Мағынасы: «Алладан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың Елшісі әрі Құлы екеніне сену.

2) Кәлимай-Шаһәдат:

«**Әшһаду әллә илаһа иллаллаһ, уә әшһаду әннә Мұхаммәдән ʿабдуһуу уә расуулуһ**». Мағынасы: «Мен куәлік етемін, Алладан басқа Тәңір жоқ екендігіне, және де куәлік етемін. Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Алланың Құлы әрі Елшісі екендігіне».

Бұл қасиетті сөйлемді тілмен айтып, жүрегіне сіңірген кісі, Ислам дініне кірген болып саналады. Бұл екі сөйлемде сенім үшін қажетті барлық нәрсе бар. Сондықтан, иманның (сенімнің) алғашқы сатысы болып есептеледі.

Ал енді, Жаратушы Алла Тағаланың Жалғыз екендігіне толық сенген соң және Алла әмір еткен амалдарды орындау міндет.

ДҰҒАЛАР

(қосымша оқу құралы)

Пайғамбар Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сіздерден біреуіңіз дұға еткенде, әуелі Аллаға мақтаулар және Пайғамбарға салауат айтқаннан кейін қалағанынша дұға етсін», – және: «...Егер пендесі қолын көтеріп, Одан (Алладан) сұраса, оның қолын бос қайтаруға ұялады», – деген екен.

АМАНДАСУ ДҰҒАСЫ

«Әс-сәләму ыалайкум».

Жауап беру дұғасы:

«Уә ыалайкум әс-сәлам уә-рахматуллаһи уә бәрәкә-тууһ!» делінеді.

ҚУАНЫШТЫ НӘРСЕ ЕСТІГЕНДЕ:

«Субханаллаһ» және «Аллаһу әкбар»-ды қайталап айту керек.

ИМАН ҮЙІРУ ДҰҒАСЫ:

Яғни жан тәсілім етейін деп жатқан адамға бұл кәләмді айтқызу немесе өзің жәй ғана етіп оқып отыру.

«Лә иләһә иллаллаһ Мухаммадур расулуллаһ». «Әшһаду әл-ләә иләһә иллаллаһ, уә әшһаду әннә Мухаммәдан ыабдуһуу уә расуулуһ».

Бұған қосымша етіп Ясін сүресін немесе білген сүрелерін оқып отыруға болады. Хадисте: «Кімнің ең ақырғы сөзі Лә иләһә Иллаллаһ Мухаммадур расулуллаһ болса, оның жәйі жәннат» деген.

ҚҰРБАНДЫҚ МАЛ ШАЛУ ДҰҒАСЫ:

Құрбандыққа шалынатын мал тек қана Алла үшін болуы парыз. Дұғасы: «Бисмилләһи, Аллаһу Әкбар».

ҚАТТЫ ҚОРЫҚҚАНДА, БІРЕУ ҰРЫСЫП ЖАТҚАНДА ЖӘНЕ ҚҰРАН ОҚУДАН АЛДЫН ОҚЫЛАДЫ:

«Аъзубилләһи минаш-шайтанир ражим, Бисмилләһир рахманир рахим» деп қайталап айтып жүру керек.

ТҮШКІРГЕНДЕ:

Түшкірген адам: «Әл-хамдулилләһ» деп айтады. Ал оны естіген адам: «Ярахамукәл-лаһу!» дейді. Әлгі түшкірген: «Иаһдй-кумул-лаһу уа юслиху бәләкум» деп айтады.

ҰЙЫҚТАУДАН АЛДЫН ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА:

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әр күні

кешкілік жатар алдын «Ықылас», «Фалақ», «Нас» сүрелерін оқып, екі қолын ашып, құрғақ түкіріп және оны бүкіл денесіне дем салу ретінде сипап шығатын. Және 33 рет «Субханал-лаһ», 33 рет «Әл-хамдулилләһ», 34 рет «Аллаһу Әкбар» деп тәсбі тартып, содан соң оң жағымызбен жату қажет.

Осылайша атқарып жататын болсақ, түрлі жамандық жуымайды.

ТАҢЕРТЕҢ ЖӘНЕ КЕШКЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА:

«Ықылас», «Фалақ», «Нас» сүрелері үш реттен қайталанып отырады.

АУЫЗ БЕКІТЕРДЕ АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА

(таң сәрі уақытында)

«Нәуәйту ән асумә саумә шаһри
Рамадана минәл фәжри иләл мағриби
халйсан лилләһи табалә. Аллаһу Әкбар».

Қазақша мағынасы:

«Таңертеңнен кешке дейін Алланың

разылығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім. Алла ұлық!»

**АУЫЗ АШАРДА АЙТЫЛАТЫН ДҰҒА
(кешке күн батқан соң, Ақшам намазын
оқудан алдын ауыз ашады)**

«Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әмәнту уә ыалайкә тәуәккәлту, уә ыалә ризкикә афтарту, фағфирлий йа ғаффару маа қоддамту мәә аххарту, уә лисаумил-ғади мйн шаһри рамадана науайту». **Қазақша мағынасы:**

«Иә, Алла, бір Өзің үшін ораза ұстадым, бір Өзіңе иман келтіріп, бір Өзіңе сенім арттым, берген несібеңе қанағат еттім, иә, Жарылқаушым, иә, Мейірімді, Сенің марқаматыңнан үміт етемін».

ТАМАҚТАНУ ДҰҒАСЫ:

Тамақ жеуден алдын бет-қол жуылып, «Бисмилләһир рахманир рахим»-ді айтып бастаймыз. Ал егер ұмытып кеткен жағдайда, мына дұғаны оқысын: «Бисмилләһи фи аууалихи уә ахирихи» деп айту керек.

ТАМАҚТАН КЕЙІН ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА:

«Әл-хамдулилләһ» деп Алла шүкір айтамыз. Немесе «Әл-хамдулилләһил-ләзий атъаманә уә-сақанә уә- жаъаланә минәл-мүслимин» деген дұға оқылады.

ҚИЫНДЫҚ НЕМЕСЕ ҚАПАЛЫҚ ТҮСКЕНДЕ:

«Яа хай-ю, яа қойюуму бирахматикә астағис». Мұсылман осы дұғаны оқып жүрсе, тілегін Алла қабыл етер.

ДҰҒА ҚАБЫЛ БОЛАТЫН ЖЕР МЕН УАҚЫТТАР:

Таңертеңгі уақытта, түн жарымынан кейін, жаңбыр жауып тұрған кезде, жел тұрғанда, Арафа күні, Ражаб айының алғашқы түнінде, жұма күні. Қасиетті Рамазан айының күндерінде, Құранды Хатым етілген уақытта, Парыз намазынан кейінгі тілеген дұға, ешкім жоқ жерде оқылған дұға, Алладан қорыққанынан бүтін

жан-дүниесі тітіреніп, көзінен жас аққан кезде оқылған дұға-тілектер, ата-анасының батасы, ұстазының батасы, Қадір кешіндегі дұға, қатты зәбір көрген кісінің дұғасы, жолаушының дұғасы, шәкірттердің дұғасы, т.б. сол сияқты, Инша-алла қабыл болады.

МҰСЫЛМАННЫҢ 40 ПАРЫЗЫ

Қырықпарыздың мағыналарын түсініп, жіктеп-жіктеп білу әрбір мұсылманның парызы. Олар: Қырық парыздың 5-і Исламда, 7-і Иманда, 12-і Намазда, 3-і Ғұсылда, 4-і Дәрет алуда, 4-і Тайяммүмде, 2-і Әмір Мағруф Нәхи Мүнкерде, 2-і Хайыз Нифаста, 1-і Білім іздеуде екен.

Олар төмендегілер:

Исламда 5-і :

1. 1. Иман – Алланың бір екеніне, Мұхаммед Пайғамбар оның әрі елшісі және құлы екеніне сену.

2. Намаз – Күнделікті бес уақыт намазды өз уақытында орындау.

3. Ораза – Қасиетті Рамазан айында ораза тұту.

4. Зекет – Мал-дүниесінің кірін шығарып тұру.

5. Қажылық – Шамасы жеткен қажыға бару.

Иманда 7-і :

1. Алланың барлығына, бірлігіне сену.

2. Періштелерге сену.

3. Бүкіл Пайғамбардың барлығына сену.

4. Құран кітаптарға сену.

5. Ахырет күні болатынына сену.

6. Жақсылық пен жамандық Алладан деп сену.

7. Өлгеннен кейін қайта тірілуге сену.

Намаздағы 12-парыздың 6-ішінде, 6-сыртында болады.

Сыртындағы алтауы:

1. Дәретсіздіктен тазарту.

2. Нәжістен пәк болу.

3. Әурет жабу. яғни ер кісілер кіндіктен

тізеге дейін. Ал, әйелдер беті мен екі қолы білектен төмен, екі аяғының тобықтан төмен кашық жүруге болады.

4. Уақытын білу.
5. Құбыланы білу.
6. Оқитын намазға ниет ету.

Намаз ішіндегі алтауы:

1. Алғашқы құлақ қағу тәкбірі.
2. Тік тұру.
3. Құран оқу.
4. Рукуғ қылу, еңкею.
5. Сәждеге бас қою.
6. Соңғы отырыс.

Ғұсылдағы үш парыз:

1. Әуелі ауызға су алып, үш рет шаю.
2. Мұрынға су жіберіп, үш рет шаю.
3. Барлық дене мүшеге иненің ұшындай жер қалдырмай, су тигізіп жуу (үш рет жуу – сүннет амал).

Дәреттегі төрт парыз:

1. Бетті иекке дейін жуу.
2. Қолды шынтақпен қоса жуу.
3. Басты сулы қолмен сипау.
4. Аяқты тобықпен қоса жуу.

Тайяммұмдағы төрт парыз:

1. Ниет ету.
2. Таза жер жынысын табу.
3. Екі алақанды жерге ұрып, бетті сипау.
4. Тағы да ұрып, қолды шынтақпен қоса сипау.

Әмір Мағруф Нәхй Мүнкердегі екі парыз:

1. Адамдарды тура жолға салу.
2. Күнә, қисық жолдан қайтару.

Хайыз, Нифастағы екі парыз:

1. Хайыз – әйел кісіде айына келетін қан.
2. Нифас – әйел кісі босанғаннан 40 күн бойы келетін қан.

Білім-ғылым іздеудегі бір парыз:

1. Білім іздеу – парыз. Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім білім жолына түссе, Алла Тағала оған жұмаққа барар жолды жеңілдетеді. Періштелер де білім алушының талабына дән риза болып, аяғының астына қанаттарын жайып, ізет көрсетеді. Сондай-ақ жеті қабат аспан мен жердегі барлық жаратылыс атаулы, тіпті судағы алып балықтар да шынайы ғалым үшін Алладан жарылқау тілейді. Ғалымның білімсіз діндардан артықшылығы толған айдың өзге ұсақ жұлдыздардан артықшылығы секілді. Расында, шынайы ғалымдар – Пайғамбарлардың мұрагерлері. Шынтуайтында, Пайғамбарлар мұра ретінде динар мен дирхам емес, тек қана ілім қалдырды. Кімде-кім сол іліммен сусындаса, мол несібеге кенелгені» - деген» және «Ілім алу әрбір мұсылман ер мен әйел кісіге парыз», – деген насихаты

бар. Ал енді біз қысқаша ғана баян еткен бұл кітапта мұсылмандардың ең негізгі құралы болып саналатын намаз жөнінде болды. Осы намазбен біз Ұлы Жаратушы Алланың алдында жүздесеміз. Ол бізді көреді, мұның өзі пенде үшін үлкен мәртебе. Сондықтан, намазды риясыз оқуды нәсіп етіп, оқыған намазымызды қабыл етіп, қияметте Алланың рахымына бөленіп, Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатына бөлене берейік, Инша-алла! Әмин. Алла ниетімізді қабыл етсін!



Қолданылған әдебиеттер:

1. **Құран Кәрім.** Сауд Арабия. Халифа Алтай. 1991ж.
2. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан **Пәтуалар** жинағының бір бөлігі. Алматы қаласы. «Көкжиек-Б» баспасы.2008ж.
3. **Мұхтасар.** Шымкент қаласы. «Алтын алқа» баспасы. 2007 ж.
4. **ҚМДБ «Жаназа және жерлеу рәсімдері»** 2017ж Астана қаласы.



Мазмұны

Марқұмға сауабы тиетін амалдар.....	4
Қабірді зиярат ету.....	7
Қабір басында дұға жасау.....	9
Әулиелі жерлерді зиярат етудің ережелері мен тәртіптері.....	9
Марқұмға құран бағыштау.....	14
Иман калималары.....	22
Дұғалар.....	23
Мұсылманның 40 парызы.....	29
Қолданылған әдебиеттер.....	35

ҚҰРАН БАҒЫШТАУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК



МҰСЫЛМАННЫҢ 40 ПАРЫЗЫ

Құрастырған;
Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ

Редакторы Б.Қалдыбекова
Корректоры С.Искаков
Тех.редакторы А.Жауһаров

Басуға берілген 20.06.2017 ж.
Баспа табағы 1. Офсеттік басылым.
Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс №.7
Бағасы келісім бойынша.
«ИП Байтасов» баспаханасында басылды.
Шымкент қ,